

А.Қ. БОЛЫСБЕК,¹
магистрант.
С.С. САПАРБАЕВА,¹

Э.Ғ.К., доцент.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті¹

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСЕП БЕРУДЕ ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Андатпа

Нақты қаржылық есептілік және оны бағалау қаржы ұйымдары үшін бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Корпоративті есептілікті сынау аспектілерінің бірі – нақты бағаланбауы. Сол ақпараттың нақты бағаланбауы салдарынан көптеген ұйымдардың өмір сүру ұзақтығы қысқарып, қаржылық емес ішкі мәселелерінің уақытылы анықталып, шешім қабылданбағандықтан банкроттыққа тап болып жатқаны жаңа интеграциялық есептіліктің шығуының алғышарты болды. Интеграциялық есептілік – ұйымның негізгі қызметінің басқару және коммуникациямен тығыз байланысын қамтитын, тұрақты даму туралы сұрақтарды дәйектейді және қарастырады. Мақалада ұйымның жоғары басшылығымен құпталуы, ұйымның тұрақты дамуының негізгі факторларын түсіну, осы факторлардың ұйым стратегияларында интеграциялануын қоса алғанда, кешенді қаржылық есептіліктің форматында тұрақты даму есебін қадағалау сатылары көрсетілген. Сондай-ақ, тұрақтылық ол әр қызметкердің күш салу деңгейіне байланысты екенін түсіну, әр бөлімшеге тұрақты даму бойынша міндеттеме жүктеу мәселелері де көтерілген. Бұл мақалада күнделікті шешім қабылдауда тұрақты даму факторларын есепке алу, қызметкерлердің жан-жақты кәсіби дайындау, ұйымның қызмет нәтижесін бағалау жүйесіне тұрақты даму көрсеткіштерін қосу мәселелеріне мән берілген. Интеграциялық ойлау және интеграциялық есептілікте ақпаратты ашудың жаңа сапасы қызығушылық танытушы тараптармен қарым-қатынасудың жаңа деңгейі болып табылады. Бұл интеграциялық есептілікті корпоративті есептіліктің шыңы ретінде тануға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: қаржылық есептілік, интеграциялық қаржылық есептілік, бағалау, басқару, тұрақты даму, интеграция, бақылау.

Экономиканың негізін құраушы нарықтағы субъектілердің қаржылық, қаржылық емес есептілігінің шынайы әрі нақты болуы бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Сол ақпараттың нақты бағаланбауы салдарынан көптеген ұйымдардың өмір сүру ұзақтығы қысқарып, қаржылық емес ішкі мәселелерінің уақытылы анықталып, шешім қабылданбағандықтан банкроттыққа тап болып жатқаны жаңа есептіліктің шығуының алғышарты болды. Ұйымдардың өз кәсібіне тән бизнес үлгілер тауып, құндылық тудыратын факторларды зерттеу – кәсіпті сақтаудың негізгі жолына айналып отыр. Ұйымның қаржылық жағдайының таза көрінісі мен іскерлік беделдігі, тек ұйымның өзін ғана емес, оның ақпаратына қызығушылық танытушы барлық тараптар үшін маңызды болып табылады. Сондықтан, біріншіден, көптеген кәсіпкерлер, инвесторлар немесе ұйым капиталынан қандай да бір үлесі бар тараптардың интеграциялық қаржылық есептіліктің шығу тарихы және оның қажеттілігі туралы сауаттылығын ашу керек. Интеграциялық есеп туралы нақты білім қалыптастыру арқылы, біз, алдағы кезеңде елімізде интеграциялық қаржылық есептіліктің тәжірибеде көп пайдалануына жол ашуымыз мүмкін. Әлемдік тәжірибені назарға ала отырып, интеграциялық есептіліктің шығу тарихы, есептіліктің бүгінгі күнде қаншалықты сұранысқа ие екенін зерттеу және ол есептіліктің артықшылықтарына дәлелдер келтіру мақаланың басты мақсаты болып табылады.

Әлемде алғашқы интеграциялық қаржылық есептілік 2005 жылы пайда бола бастады. 2007 жылы жылдық есептілік бойынша халықаралық сайыстарда «Ең үздік интеграциялық есептілік» номинациясы пайда бола бастады. Сол жылы Уэльс ханзадасының бастамасымен «Тұрақтылық үшін есеп» («Accounting for Sustainability») ұйымына «Байланысқан есеп беру құрылымы» («Connected Reporting Framework») құжаты берілген болатын. 2010 жылы осы құжаттар өңделген күйде A4S және GRI бастамасымен құрылған Интеграциялық есептілік бойынша халықаралық кеңеске тапсырылды. Интеграциялық есептілік бойынша халықаралық кеңес (The International Integrated Reporting Council, IIRC) – реттеуші органдардың, ин-

весторлардың, халықаралық стандарттарды әзірлеушілердің, бухгалтерлер мен бухгалтерлік ұйымдардың, салық басқармаларының қатысуымен құрылған бүкіләлемдік коалиция болып табылады [1].

2015 жылы Интеграциялық есептіліктің халықаралық кеңесі (IFRS) интеграциялық есептілік бойынша халықаралық стандартын жасап шығарды, қазіргі уақытта стандарттың халықаралық деңгейде тану жұмыстары жүргізілуде. Кеңестің ұзақ мерзімге қойған мақсаты – мемлекеттік және жеке секторлардың негізгі іскерлік тәжірибесіне, корпоративтік есептілік нормалары ретінде интеграциялық есептілікті қолдануды ендіру және интеграциялық ойлау ұғымын қалыптастыру болып табылады. Осы мәселеге жауапкершілікпен қараған ғалымдар қатарына: Б.А. Алибекова, Мервин Кинг, М.А. Алексеев, В.П. Когденко, М.В. Мельник, И.Е. Калабихина, В.С. Досиков және т.б. жатады [2].

Ұйымның қаржылық және қаржылық емес ақпаратының интеграциялануы, халықаралық деңгейде көтерілген мәселе болғандығы интеграциялық есептілік ақпаратына әлем экономикасының қызығушылық танытып, сұранысқа ие болып отырғанын көрсетеді.

Интеграциялық есептілік – ұйымның негізгі қызметінің басқару және коммуникациямен тығыз байланысын қамтитын, тұрақты даму туралы сұрақтарды қарастыратын тұжырым. Ол ұйым туралы қаржылық, қаржылық емес ақпаратын тиімді ашып көрсетеді, сонымен бірге кәсіптік мақсат болып саналады [3].

Интеграциялық қаржылық есептілік тұжырымдамасын қолдаушылардың қатарында Тұрақты даму бойынша бүкіләлемдік кәсіпкерлер кеңесі (WBSCD), Ханзада Уэльстің «Тұрақтылық есебі», БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша (Рио+20) конференциясын жатқызсақ болады. Онымен қоса, Интеграциялық есептілік бойынша халықаралық кеңесіне кіретін әлемдегі 80-нен аса ірі ұйымдар және институционалдық инвесторлар интеграциялық есептіліктің тәжірибеде дамуына қолдау көрсетіп отыр [4].

Интеграциялық есептілік бойынша халықаралық кеңес интеграциялық есептілікке тек қағидалар мен есептілік элементтерін қамтитын нұсқауды ұсынады. Кеңес интеграциялық қаржылық есептілікті 5 қағидадан тұру керек деп есептейді: стратегиялық бағыттылығы; ақпараттардың байланыстығы; болашаққа бағдарлығы; стейкхолдерлердің жауап қатуы немесе олардың тартылуы; қысқа әрі нұсқалық, сенімділік, шынайылық. Әдеттегі есептіліктен интеграциялық қаржылық есептіліктің негізгі айырмашылығы сипатына қарай төмендегі кестеде көрсетіледі.

Кесте 1 – Қаржылық есептілік пен интеграциялық қаржылық есептіліктің айырмашылығы

Сипаты	Қаржылық есептілікте	Интеграциялық есептілікте
Түсіндірілуі	шашыраңқы, оқшаулы	Интеграцияланған
Басқарылуы	Қаржы капиталы	Капиталдың барлық нысаны
Назарға алынуы	Өткен кезең, қаржы	Өткен және алдағы кезең байланыстырады, стратегияға ие
Уақыт аралығын қамтуы	Қысқамерзімді	Қысқа, орта, ұзақ мерзімді
Сенімділігі	Нақты ақпарат ашылады	Айқындылықтың үлкен дәрежесіне ие
Бейімдеушілігі	Ережеге негізделген	Жеке шарттарға жауап береді
Қысқалығы	Көлемі көп және қиын	Қысқа және елеулі
Технологиялылығы	Қағаз нұсқада	Технологияны пайдаланады

Ескертпе – Әдебиеттерді зерттеу негізінде авторлармен құрастырылды.

Ұйым басшысы мен ақпаратты пайдаланушы басқа тарап үшін қаржылық мәліметтер көрсеткіші маңызды болып табылады. Сондықтан жай интеграциялық есептілік қаржылық есептілікті толық алмастыра алмайды, оны алмастыратын интеграциялық қаржылық есептілік. Интеграциялық қаржылық есептілік мәліметтері қаржылық және қаржылық емес мәліметтерді қамтиды.

Интеграциялық есептілік пен интеграциялық ойлаудың дамуы ұйымға өз капиталдың тиімді және өнімді үлестіріне қол жеткізе алатын нәтиже беруі керек, содан кейін ол қаржылық

тұрақтылық пен тұрақты дамуға алып келеді. Интеграциялық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес интеграциялық есептіліктің бағыты келесідей [5]:

- ♦ капиталдың иелері қаржыны тиімді әрі өнімді үлестірілуі үшін қаржылық ақпараттың сапасын арттыру;

- ♦ ұйымның ұзақ мерзімді беделдігін қалыптастыруына алып келетін, елеулі ықпал етуші факторлардың толық жиынтығын қамтитын ақпаратты ұсыну және есептіліктің әртүрлі бағыттарын байланыстыратын тиімді тәсіл әзірлеу;

- ♦ қаржылық, өндірістік, интеллектуалдық, адами-құндылық, әлеуметтік-беделдік және табиғи капиталдардың кең түрлілігін жинақтауға қатысты есеп берушілік пен жауапкершілікті күшейту;

- ♦ қысқа, орта, ұзақ мерзімді кезеңдерде құнды қалыптастыруға бағытталған шешім қабылдауға, әрекет жасауға, интеграциялық деңгейде ойлауға қолдау көрсету. Интеграциялық есептілік келесі сурет 1-дегі капиталдарды қамтуы қажет.



Сурет 1 – Интеграциялық қаржылық есептілікте ашып көрсетілетін капитал түрлері. Бизнес үлгі


Ұйым қаржылық тұрақты дамуын сақтап қалуы үшін аталған капиталдардың көрсеткіштері туралы ақпаратты білуі міндетті. Ол ұйымның жеке бизнесі үлгісі болып табылады, ол арқылы ұйым өз құнын қалыптастырады.

Интеграциялық қаржылық есептіліктің қызметі үшке бөлінеді: ақпараттық, талдаушылық, бақылаушылық. Интеграциялық есептіліктің құрылымы мынадай ақпараттарды қамтуы қажет: ұйым туралы өзекті ақпарат; ұйымның тарихы туралы анықтама; экологиялық ақпарат; әлеуметтік ақпарат; инновациялық қызметі; ішкі бақылау жүйесі; қаржылық есептілік көрсеткіштерін ашып көрсетілуі, түсіндірмесі; қаржылық жағдай және қаржылық нәтиже туралы талдау [6]. Жоғарыда аталған интеграциялық есептіліктің құрылымын қамтитын ақпараттарды шешім қабылдауда пайдаланушы тараптар ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі ақпарат пайдаланушылар үш топқа бөлінеді, олар келесі суретте көрсетілген.


Интеграциялық қаржылық есептілікті оңай түсіндіру үшін интеграциялық деңгейде ойлауды дамытуымыз керек. Ол келесі сатылардан тұрады:

- 1) ұйымның жоғары басшығымен құпталуы;
- 2) ұйымның тұрақты дамуының негізгі факторларын түсіну;
- 3) осы факторлардың ұйым стратегияларында интеграциялануы;
- 4) тұрақтылық ол әр қызметкердің күш салу деңгейіне байланысты екенін түсіну;
- 5) әр бөлімшеге тұрақты даму бойынша міндеттеме жүктеу;
- 6) күнделікті шешім қабылдауда тұрақты даму факторларын есепке алу;
- 7) қызметкерлерді жан-жақты кәсіби дайындау;
- 8) ұйымның қызмет нәтижесін бағалау жүйесіне тұрақты даму көрсеткіштерін қосу;
- 9) осы көрсеткіштер тұрақтылықты қамтамасыз етуі бойынша ең маңыздысын анықтау;

10) интеграциялық қаржылық есеп беру форматында тұрақты даму саласында есептілікті дайындау және мониторинг түзу. Әлемдік кәсіпкерлерге қызмет көрсету (IBM Global Business Services, GlobalCFOS Study) орталығы зерттеулеріне сәйкес интеграциялық есептіліктің болмау салдарынан суреттегі тәуекелдерді басқара алмау қаупі туады [7].



Сурет 2 – Интеграциялық қаржылық есеп мәліметтерінің шешім қабылдауға әсері



Сурет 3 – Ұйымдардың соңғы үш жылда тап-болған елеулі тәуекел ету оқиғалары (табысы 5 млрд долл. асатын ұйымдар)

Аталған тәуекелдер төмендегі құрылымдардан тұрады:

- ♦ операциялық тәуекелдер, 3%, олар: табиғи апаттар, мәліметтерді өңдеу орталығындағы апат, қондырғыларды дұрыс орнатпау, домепешінің суық циклі, ERP-бағдарлама уақытша істен шығуы, өндірістің тоқтауына себепкер болған өндіріс орнындағы апаттарды жатқызды;

♦ стратегиялық тәуекелдер, 37%, олар: алалардың шоғырлануы, бірігуі, бағдарламалық қамтамасыз етудің қателігі едәуір көп жаңа нұсқасы, негізгі өнімге деген сұраныстың өзгеруі, тұтынушылармен маңызды келісімшарттың жойылуы, қызмет сапасы мен стандарттардың тиімділігінің өзгеруі;

♦ заңдық-нормативтік тәуекелдер, 8%, олар: алаяқтық, өнім сапасына деген шағымдар, заңнамалардың жаңа талаптарын орындау мерзімділігін қадағалау, өнім мен тауарлардың қауіпсіздігі;

♦ саяси және геосаяси тәуекелділіктер, 17%, олар: үкіметтің ауысуы немесе жиі араласуы, бюджеттер мен гранттардың көлемінің өзгеруі, министрлердің тұрақты ауысуы, терроризм;

♦ қаржылық тәуекелділіктер 13%, олар: валюта бағам айырмасының тұрақсыздығы, резервтік қордың өсуі және капитал салымдарымен болатын мәселелер, қолма-қол ағымды басқару қабілеттілігі, қаржылық есептіліктің нақты әрі шынайы болуы, нарықтың таза болмауы, экономикалық құлдырау, электроэнергия мен коммуналдық қызметтер шығынының өсуі;

♦ экологиялық және денсаулықты қорғау 17%, олар: жұқпалы вирустар, түрлі аурулар, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қаражаттың жетіспеуі, экологиялық стандарттардың орындалуы, санитарлық мәселелердің басқарылуы, климаттық өзгеру, қоршаған ортаның ластануы кіреді.

Әлем бойынша 200-ден аса институционалық инвесторлардың қатысуымен жүргізілген зерттемелер, инвестициялық шешімдер қабылдау барысында тұрақты дамуды қамтамасыз ететін әлеуметтік жауапкершілік туралы есепті қолдайтын респонденттердің саны 2014 жылы 35%-тен 2015 жылы 60%-ке өсті [8]. Бұл интеграциялық қаржылық есептілік тиімді әрі табысты қызмет жүргізу үшін маңызды екенін дәлелдейді.

Интеграциялық қаржылық есептілік аталған тәуекелділіктердің алдын-алуда және ұйымда осы тәуекелдердің қауіпті шегі туындаса, дер кезінде дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Интеграциялық есептілік дайындау қажеттілігін түсінгеннен кейін, ұйым құны тек қаржылық есептілікте ашып көрсетілетін элементтерінен ғана емес, өзге тәуекелдер туралы ақпараттың қатар берілу арқылы түзілетінін көреміз. Ақпаратты пайдаланушылар интеграциялық қаржылық есеп арқылы өз қызығушылығына сәйкес стратегиялық бағыт құрып, ұйымды тиімді басқаруға әрекет жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Международный стандарт «Интегрированная отчетность». Международный совет по интегрированной отчетности. – Лондон: МСИО, 2013. – 40 с.
- 2 Мервин Кинг. Интегрированное мышление // Экономические стратегии. – 2014. – № 2. – С. 5–13.
- 3 Алексеев М.А. Взаимосвязи интегрированной отчетности, экономической безопасности и аудита бизнеса // Учет, анализ, аудит. – 2015. – № 1. – С. 135–138.
- 4 IR Discussion Paper «Towards Integrated Reporting – Communicating Value in the 21st Century».
- 5 Когденко В.П., Мельник М.В. Интегрированная отчетность: вопросы формирования и анализа // Реформирование отчетности. – 2014. – № 10(304). – С. 2–15.
- 6 Калабахина И.Е., Досиков В.С. Внутренние заинтересованные пользователи финансовой и интегрированной отчетности российских компаний // Проблемы рыночной экономики. – 2016. – № 4. – С. 18–27.
- 7 Интегрированная финансовая организация: сбалансированное управление рисками и эффективностью // Исследование Global CFO Study 2008, Wharton School и Economist Intelligence Unit.
- 8 Алибекова Б.А., Алдынгарова Д.Т. Нефинансовая отчетность: теория и практика // Учет, аудит и анализ: международная практика, тенденции и перспективы развития: труды международной online-конференции на базе коммуникативной площадки «G-global». – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017. – 563 с.

Аннотация

На сегодняшний день фактическая финансовая отчетность и ее оценка являются для финансовых организаций актуальными вопросами. Один из аспектов критики корпоративной отчетности состоит в отсутствии точной оценки. Отсутствие точной оценки отчетности привело к тому, что ожидаемая продолжительность

деятельности многих организаций была сокращена, своевременное обнаружение нефинансовых внутренних проблем стало причиной выхода новой интегрированной отчетности. Отчетность по интеграции представляет собой заключение и рассматривает вопросы устойчивого развития, которые взаимосвязаны с действиями организации по основному управлению и коммуникациям. В статье рассматривается необходимость разработки комплексного подхода к пониманию интеграции в финансовом отношении, включая утверждение высшего руководства организацию, понимание ключевых факторов устойчивого развития организации, интеграцию факторов в организационные стратегии. Также освещаются вопросы активизации уровня усилий каждого сотрудника и обязательства каждой единицы для устойчивого развития. Данная статья затрагивает учет факторов устойчивого развития в повседневных решениях, всестороннюю профессиональную подготовку сотрудников, контроль отчетов по устойчивому развитию в формате интегрированной финансовой отчетности. Интегрированное мышление и новое качество раскрытия информации в интегрированной отчетности является новым уровнем взаимоотношений с заинтересованными группами пользователей, которые позволяют рассматривать именно интегрированную отчетность в качестве преимущественной корпоративной отчетности.

Ключевые слова: финансовая отчетность, интегрированная отчетность, оценка, управление, устойчивое развитие, интеграция, контроль.

Abstract

Today, the actual financial reporting and its assessment are the main issue for financial institutions. One aspect of the criticism of corporate reporting is the lack of an accurate assessment. The lack of an accurate assessment of reporting led to the fact that the expected duration of many organizations have reduced, as well as the timely detection of non-financial internal problems, caused the release of new integrated reporting. Integration reporting is a conclusion that deals with issues of sustainable development that are interconnected with the actions of a core management and communications organization. The article discusses the need to develop an integrated approach to understanding financial integration, including the approval of the top management of the organization, an understanding of the key factors for sustainable development of the organization, the integration of factors into organizational strategies. Also it highlights the issues of enhancing the level of efforts of each employee and the commitment of each unit for sustainable development. This article concerns the consideration of sustainable development factors in everyday decisions, comprehensive training of employees, monitoring of sustainable development reports in the format of integrated financial reporting. Integrated thinking and new quality of disclosure in integrated reporting is a new level of relationships with interested user groups, which allow to consider integrated reporting as a preferential corporate reporting

Key words: financial reporting, integrated reporting, assessment, management, sustainable development, integration, control.